

1995 жылы туған азаматтарды Қарағанды облысы Балқаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеуді өткізу туралы

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы N 1 шешімі. Қарағанды облысы Балқаш қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 11 қаңтарда N 8-4-263 тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы N 371 "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" қаулысын басшылыққа ала отырып, қала әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Балқаш қаласының біріктірілген қорғаныс істері жөніндегі бөлімі (Бекмағамбетов Б.Ә. келісім бойынша) 2012 жылғы қаңтар-наурыз аралығында 1995 жылы туған азаматтарды, сондай-ақ бұрын Балқаш қаласының біріктірілген қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне тіркелмеген жастары үлкен азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуді жүргізсін.

2. Мекеме, кәсіпорын, ұйымдардың басшыларына, оқу орындары мен басқа қоғамдық салалардың директорларына әскерге дейінгі жастарды медициналық тексеруден өту және құжаттарды жинау үшін, шақыру қағаздарын алысымен жұмыстарынан, сабақтарынан босату ұсынылсын.

3. Приозерск қаласы әкімінің 2010 жылғы 22 желтоқсандағы N 2 "1994 жылы туған азаматтарды Қарағанды облысы Балқаш қаласы біріктірілген қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру теліміне тіркеуді жүргізу туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 8-4-212 тіркелген, 2011 жылдың 22 қаңтарында N 2 (211) "Приозерский вестник" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.Ә. Қазиеваға жүктелсін.

5. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енеді.

Қала әкімі

Е. Өтешев

КЕЛІСІЛДІ

Балқаш қаласы қорғаныс істері

жөніндегі біріктірілген бөлімінің бастығы

подполковник

2011 жылғы 23 желтоқсан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК